ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 08 қаңтар Іс №7119-24-00-2/16627 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Джакупов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Hugo Strike» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

«Hugo Strike» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Hugo Strike» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбы 1 972,7 (бір мың тоғыз жүз жетпіс екі) теңге 7 тиын, мемлекеттік бажды төлеу бойынша сот шығыстары 59, 19 (елу тоғыз) теңге 19 тиын өндірілсін.

Документ подписан: Джакупов А. К., 08.01.2025
Дата вступления в законную силу: 18.02.2025, судья Джакупов А. К., 19.02.2025
7119-24-3-1/16239

Жауапкер «Hugo Strike» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кіріске мемлекеттік баж 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) мөлшерінде өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.К.Джакупов

Документ подписан: Джакупов А. К., 08.01.2025

Дата вступления в законную силу: 18.02.2025, судья Джакупов А. К., 19.02.2025

7119-24-3-1/16239